

М.С. Мырзабеков

Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, халықаралық қатынастар және әлемдік экономика кафедрасының доценті, Қазақстан, Алматы қ.

### Артында өлмес із қалдырған

Адам жылдар өткен сайын өзінің артта қалдырған жылдарын ой елегінен өткізіп таразылайды. Сонда бірден ойға оралатын дүние өткен шағындағы араласқан жақсы адамдар туралы естеліктер екен.

Бүгін менің қолыма қалам алдырып, мақала жазуға итермелеген басты себеп – қазақтың аяулы қыздарының бірі биік адамгершілік пен парасат иесі және адалдықтың өлшемі іспеттес болып табылатын Гүлжауһар Шағатайқызы Жамбатырова туралы келешек ұрпақ алдында естелік қалдырсам деген ниет болып отыр.

Гүлжауһар Шағатайқызы нағыз «өмірге құштар» жан болатын. Ол кісінің жүріс-тұрысы, кісілермен араласуынан адамгершілік атты асыл қасиетті игерген мәдениетті, нағыз адам екендігінің куәсі болдым. Сонда маған келген ой Гүлжауһар Шағатайқызының осындай қасиет иесі болып қалыптасуына қазақ халқының ғасырлар бойы дамып, қалыптасқан ұлттық тәлім-тәрбиесін бойына сіңіруіне байланысты екендігіне көзім жетті.

Адамға қойылатын басты талап – асыл да ізгі адамгершілік қасиеттерді бойына сіңірген, ұлағатты азамат болып шығу. Өйткені адам – өзінің адамгершілігімен, қайырымдылығымен, адалдығымен және әділеттігімен ардақты. Халқымыз қайырымды-мейірімді жанды «адамгершілігі мол адам» деп дәріптеген. Қайырымды-мейірімді жан – өзгелерді, басқа адамдарды ойлап, соларға қол ұшын беруші жан. Ал адамдардың қамын жеу дегеніміз адамгершілікке келіп саяды. Адамгершілік – адамның рухани арқауы. Қай жағынан алсақ та Гүлжауһар Шағатайқызы осы аталған қасиеттерді бойына сіңірген жан болатын. Ол кісі осы қасиеттерді өзгелерден де талап ететін. Осы орайда Гүлжауһар Шағатайқызының менің де азамат болып қалыптасуыма, ненің жақсы ненің жаман екендігін түсінуіме ықпалы өте зор болды.

Гүлжауһар Шағатайқызы өз қызметтестері мен студенттер тарапынан шексіз беделді иеленген жан десем артық айтпағандық болар еді. Студент қауымы ол кісіні «халықтық декан» деп атайтын. Себебі ол кісі әр студенттің тағдырына қатты алаңдайтын. Алдына келген студенттің мәселесін мұқият тыңдап, қол ұшын беретін. Гүлжауһар Шағатайқызының басқару стилінде демократиялық ұстанымдар басым еді. Себебі ол кісінің кабинетінің есігі өз қызметтестері мен студенттер үшін әрдайым ашық болатын.

Халықаралық қатынастар факультетінің алғашқы деканы ретінде Гүлжауһар Шағатайқызы орасан-зор жұмыс атқарды. Факультеттің өз отауын дербес құрғаннан бастап университетіміздің белді факультеттерінің біріне айналуына профессор Жарас Омарұлы Ибрашев екеуінің сіңірген еңбектері өлшеусіз.

Парасаттылық – адам бойындағы кісілік қасиет. Парасаттылық ұғымы ақылдылық пен білімпаздық, мәдениеттілік, көрегенділік, зерделілік екендігін мен ол кісінің тәрбие жөніндегі орынбасары бола жүріп түсіндім. Гүлжауһар Шағатайқызына адамгершілік, инабаттылық, салиқалылық, мейірімділік, ізгілік, әдептілік, ұстамдылық, талғампаздық сияқты қасиеттердің тән екендігінің куәсі болдым. Гүлжауһар Шағатайқызы көпті көрген, көп білетін және сөйлейтін әр сөзін ойланып, ақыл таразысына салып айтатын. Дәстүрлі қазақ қоғамында парасатты адам бойында кездесетін асыл қасиеттердің біріне айналып, адамгершілік пен өнегелілік тұрғысынан жоғары бағаланған. Гүлжауһар Шағатайқызы көзінің тірісінде осындай құрметке ие болған жан.

Студент бола жүріп Гүлжауһар Шағатайқызының парасатты әрі терең білімді педагог екендігіне сан рет көзім жетті. Ол кісінің дәрістерін біздер аса қызығушылықпен тыңдайтынбыз. Сексен минут уақыттың лезде

өте шыққанын байқамай қалатынбыз. Себебі ол кісінің бойында аудиторияны бірден баурап алатын ерекше бір қасиет болатын. Гүлжауһар Шағатайқызының дәріс оқығандағы дауысы, қызықты тың материалдарды студенттерге жеткізе білуі, бізді ерекше бір ғылым әлеміне тартып әкететін. Біздер ол кісінің дәрістерін тыңдап отырып сол кездегі тарихи оқиғалардың қойнауына сүңгіп кететінбіз. Дәріс аяқталған соң да біздер тыңдаған дәрістеріміздің әсерінен шыға алмайтынбыз.

Гүлжауһар Шағатайқызын өзінің ісін, факультетті жан-тәнімен сүйген адам ретінде білемін. Факультетте ол кісінің жаны күймейтін іс болмайтын. Ол кісі сырқаттанып жүрген кезде «Студенттер сарайында» факультетіміздің КВН командасы университеттік біріншілікке таласты. Сонда мен Гүлжауһар Шағатайқызын жаңа бір қырынан таныдым. Ол кісі жанкүйер ретінде студенттерге рух берді. Факультет командасына бар ынты-шынтысымен қолдау көрсеткенде факультеттің барлық жанкүйер қауымы Гүлжауһар Шағатай қызының маңына топтасып

бір кісідей қолдау көрсетті. Нәтижесінде факультет командасы бермеймін деген жеңісті қолдан жұлып алды. Ол кісінің жанында отырып сырқат қалай қинап жатса да бір орнынан тапжылмай жанкүйер болғандығының куәсі болдым. Қандай төзімділік пен шыдамдылық десеңші... Ол кісінің бойындағы асыл қасиеттердің бірі біздің жетістіктерімізге бізден бетер қуанып, кемшіліктерімізге қайғыратындығында еді. Бұндай қасиет екінің бірінде бола бермейді.

Гүлжауһар Шағатайқызы өмірге өте құштар жан болатын. Ол кісі өзінің осы қасиетімен айналасындағы адамдарды өмірге құштар болуға жетеледі десем артық айтпағандық болар еді. Қазақтың ұлы ақыны Абай:

«Өлді деуге сыя ма, ойлаңдаршы,

Өлмейтұғын артына сөз қалдырған...»  
демекші біздер Гүлжауһар Шағатай қызымен азды-көпті қызметтес болған азаматтар ол кісіні мәңгілік есте сақтаймыз. Ол кісінің айтқан өсиеттері мен адамгершілік, парасаттылық қасиеттерін өз ұрпақтарымызға өнеге ретінде айтатын боламыз.